

Ақсу ауданы Құрақсу ауылдық округін тарату және оның аумағын Ақсу ауданы Матай поселкелік округ құрамына енгізу туралы

Алматы облысы мәслихатының 2013 жылғы 12 сәуірдегі N 15-103 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі N113 қаулысы. Алматы облысының әділет департаментімен 2013 жылы 24 сәуірде N 2347 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 3) тармақшасына, Ақсу ауданының әкімдігі мен мәслихатының пікірлерін ескере келе, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Алматы облысының мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Ақсу ауданының Құрақсу ауылдық округі таратылсын және оның аумағы Ақсу ауданы Матай поселкелік округ құрамына енгізілсін.

2. Алматы облысының статистика департаменті (Б.Төлепбаев) облыс елді мекендерінің есебі мен тіркеуіне тиісті өзгерістер енгізсін (келісім бойынша).

3. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А. Баталовқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облысы мәслихатының шешімі әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұсаханов

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Ә. Қыстаубаев

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

хатшысы

Е. Келемсейіт